

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Бұл трансверсалды құзыреттіліктерді қалыптастыру мен дамытуға және мұғалімдерді осы тапсырмаға дайындауға кепілдік бере алады. Осындай білім беру нәтижелеріне жету жолдарын іздестіру және оларды бағалау критерийлерін тұжырымдау барысында құзыреттілік көзқарас шеңберінде қолданылатын заманауи білім берудің жаңа әдістемесі құрылуда. Оның табиғаты әлеуметтік қажеттіліктер, экономикалық басымдықтар және жаһандану әлеміндегі басым үрдістер сияқты жаңа шындықтарды көрсетеді. Сондықтан қазіргі білім берудің мақсаттары белгілі бір салада білім, білік және дағдыларды меңгерумен ғана емес, жалпы адамзаттық құндылықтарды дамытумен және шындықты тұтас (пәнаралық) қабылдауды қалыптастырумен байланысты. Осы мағынада құзыреттілік көзқарас пәнаралық ғылым мен техниканы дамытудың заманауи парадигмасына және олардың жетістіктерін біріктіретін білімге негізделген.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Кононова В. А. Трансверсальность: эволюция термина через призму корпусов и других контекстов // Вестник Пермского университета. Российская и зарубежная филология. 2020. Т. 12, вып. 2. С. 34–42.
2. Павлова О. Н. Трансверсальная идентичность и современная нарциссическая реальность // Вестник РУДН. Серия «Философия». 2010. № 3. С. 11–19.
3. Разумовская В. А., Кононова В. А. К вопросу о необходимости формального признания неформального образования // Alma Mater. Вестник высшей школы. 2016. № 2. С. 72–77.
4. Цветков С. В. Критерии прочности трансверсально-изотропных материалов различных классов симметрии структуры // Вестник МГТУ им. Н. Э. Баумана. Серия «Машиностроение». 2009. № 1. С. 86-99.
5. Welsch W. Unsere postmoderne Moderne. Berlin: Akademie Verlag GmbH, 2002. 346 S.
6. Миннуллина Э. Б. Сущность объекта как цель социального познания. Казань: КГЭУ, 2005. 153 с.

ОӘК 378. 418.24

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Абдилдаева Балнұр Нұржанқызы

bal-ab@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: К.Р.Калкеева - п.ғ.д., профессор

Астана қ., Қазақстан Республикасы

Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде адам ресурстары әлеуетін дамытудағы «Болашақ» бағдарламасы Қазақстанның ең үздік, әрі дарынды студенттеріне әлемнің жетекші білім беру мекемелерінде оқуға мүмкіндік береді.

Жастарға инновациялық өркениет пен жаһандану үрдісінің талабына лайықты білім беру және сол ағымда тәрбиелеу – республикамыздың жоғарғы оқу жүйесінің өзекті де өткір міндеттеріне айналуға. Болашақ маманның тұлғалық дамуының негізгі параметрлері оның жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке

басының намыс сезімі, ой-пікірдегі тәуелсіздік болып табылады. Осы қасиеттердің даму деңгейі тұлғаның әлеуметтік қалыптасуы мен әлеуметтік біліктілігінің көрсеткіштері деп қарастыруға болады [1].

Жалпы, қазақстандық ғалымдар еңбектерінде көшбасшылық қабілетті дамыту мәселесі ХХ ғасырдың 90 жылдарынан бастап соңғы жылдарды басым зерттеле бастады. Атап айтқанда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің көшбасшылық сапасын қалыптастыру туралы Б.М.Баймуханбетовтің, студенттердің көшбасшылық әлеуетін дамыту М.К.Ушатов пен А.А.Алимбекованың, жоғары сынып оқушыларының көшбасшылыққа даярлығын қалыптастыру А.М.Байкулованың, кіші мектеп оқушыларының лидерлігін дамыту Г.Аспанованың еңбектерінде көрініс тапқан, жан-жақты зерттелген.

Философия ғылымында «көшбасшылық - әлеуметтік үдерістерде, жағдаяттарда жеке тұлғалық ықпалы басым болатын ұйымның немесе топтың абыройлы мүшесі. Лидердің абыройы және күнделікті әсерлі ықпалы формальды емес сипатта болады, стихиялық жинақталады және ресми емес топтық бақылау құралдарымен сүйемелденеді», -деп анықталған. Себебі, көшбасшылық:

- саяси партияның немесе қоғамдық ұйымның және т.б. басшысы, жетекшісі;

- қандай да бір топта ықпал етуімен үлкен беделге ие тұлға; көш бастаушы; бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыруда және топтағы қолайлы өзара қарым-қатынасты құруда негізгі рөл атқаратын ең беделді тұлға болып табылады.

Қазақстан ұлттық энциклопедиясында «көшбасшылық – көшті бастаушы әрі басқарушы және Қазақстанның Орта және Батыс өңірлерінде көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығына байланысты қазақ қауымы жиі-жиі қоныс аударып, көшіп-қонып өмір сүрген. Көшті жөн-жосықты жақсы білетін, жер-су жағдайымен жете таныс «Көшбасшы» басқарған. Кейде ұзақ көш жолдарымен көшуге тура келіп, көптеген елді мекендерді басып өтетіндіктен «Көшбасшы» болып ел мен жер тарихымен, жергілікті ру-тайпалардың әдет-ғұрыптарымен жақсы таныс, көпті көрген, көне көз адам тағайындалған. Көшбасшы көштің бағдарын, уақытын, тәртібін ғана қадағалап қоймай, ру аралық қақтығыстарды болдырмайтын тапқыр, мәмілегер, бітімгер, саясаткер адам ретінде көш қауіпсіздігін қамтамасыз еткен» мазмұнындағы анықтаманы береді [2].

Студенттерінің көшбасшылық қабілетін әлеуметтік технологиялар арқылы дамытуда зерттеу мәселесінің негізі адамның жаратылысы мен дамуы туралы білімдер болып табылады. Әр түрлі бағыттағы және ағындағы философтардың барлығы да адам дамуы мәселесіне мән бергендіктен адамның тумысынан әлеуеттілікке ие болатындығын жоққа шығармайды, яғни, оның бойында өз бетінше жүзеге асырылуына және креативтілігінің, интеллектуалды қабілеттерінің ашылуына мүмкіндік беретін генетикалық әлеуеті болатындығын негіздейді [2].

Тұлғаны ұғынудың философиялық аспектісі, адамның қоғамдық қатынастар жүйесіндегі сипаттамалар призмасы арқылы беріледі. Қазіргі философия тұрғысынан қарағанда, тұлға ұғымы дара қайталанбайтын және әлеуметтік өзіне тән өзгешелігімен қатар, бойына адамгершілігі сіңген субъект тұрғысынан қарастырылады. Әрбір тұлға басқалардан қабілеттері мен қажеттіліктеріне, субъектілігіне, жаратылысынына сәйкес ажыратылады.

Э.В.Ильенковтың пікірі бойынша: «...әр адамның, тек жан-жақты, үйлесімді дамуы, өзінің ісін, өзінің орнын, өмір жолын, өз бетінше анықтай алатын тұлғаның дүниеге келуінің, басты шарты болып табылады» деп тұжырым жасауға болады.

К.Роджерстің пікірінше, студенттерінің көшбасшылық қабілетін әлеуметтік технологиялар арқылы дамытудың негізгі бағыты - өзіне деген сенімді нығайту мен өзін-өзі сыйлау қабілетін қалыптастырудың нәтижесінде субъект «мінсіз Менге» ұмтылады [3]. Қазіргі тәжірибеде К.Роджерстің «тұлғалық өсу тобының» әдісі қолданылады. Ондағы қарым-қатынас барысында «адам-адам» қатынастарын құру үшін қатысушылар бір-бірінің алдында ашылып, өздерінің

сезімдері туралы айтады, мәндік мағыналарды іздейді, өмірлік таңдаудың еркіндігін алуға ұмтылады және ол үшін жауап береді, неғұрлым білікті және қабілетті болу үшін осының барлығы шектеулі рухани әлеуетті ашуға көмектеседі.

Тұлғалық жетілуге теріс әсер ететіндер - өзгерістен қорқыныш, қорғаныс механизмдері, өз ағзасына сенбеушілік, конформизм. Тұлғалық көшбасшылық қабілетін дамытуды түсіндіруде А.Маслоудың зерттеулеріне сүйенеміз: өсу – яғни әлеуеттіліктен қалмау деп түсінеміз немесе «көшбасшылық қабілетті дамыту» деп А.Маслоудың қол жеткізген негізгі қажеттіліктері негізінде «жоғары» қажеттіліктерді қанағаттандыруды айтамыз [4].

Көшбасшылық қабілетті дамытуда өзін-өзі белсенділендірудің маңызы зор. А.Маслоудың анықтамасы бойынша, өзін-өзі белсенділендіру – бұл әркімнің өзіне берілген міндетін орындау, өзіне берілген қасиетті пайдалану арқылы айналасына әсер етуі. Өзін-өзі белсенділендіруге қажеттіліктен адамның өз өмірінің мәнін іске асыру мүмкіндігі туындайды [4].

Сонымен, өзін-өзі белсенділендіру үрдісінде адам болмысының екі бағыты тоғысады: өзіндік тану мен өзіндік өсу. Өзін-өзі тану арқылы, адам өзінің қажеттілігін мойындату үшін өз дарынын, қабілетін, мүмкіндіктерін барынша аша түседі және оларды пайдаланады.

А.Маслоу көшбасшылық қабілетті дамытудың негізгі бағыттарын бөліп көрсетті:

1. Ең алдымен сіз өмірге құштар болуыңыз керек. Онсыз да белгілі нәрсе ғой деп ойларсыз. Алайда, өзіңізге сұрақ қойып көріңізші: өмірге құштарсыз ба? Өмірге құштарлық дегенді әркім әрқалай түсінеді. Сіз өмір сүргім келеді дей тұра, темекі шегіп, ішімдік ішіп, майлы, ауыр тамақты күнде жеп, денсаулығыңызға зиянды әрекеттер жасайсыз делік. Бұл жерде сіздің сөзіңіз ісіңізбен сәйкес келмейді. Сонымен қатар, сәл нәрсеге ызаланып, күйіп-пісіп, жүйкесі тозып жүретін адамды да өмірге құштар деп атау қиын. Осы туралы жақсылап ойланыңыз. Ал мақсат-мұраттарын саралап, армандай білетін, денсаулығын күтетін адамды өмірге құштар деп ойланбастан айта аласың. Неге десеңіз, ол мейлінше ұзақ өмір сүріп, өмірдің бар қызығын көру үшін денсаулығын мұқият күтеді.

2. Таңдау. Өмір жолында бізге жиі таңдау жасау керек болады. Әдетте, ең қиын таңдау – ілгері жүру немесе артқа шегіну. Алдымызға келетін кез келген таңдаудан біздің дамуымызға игі әсер ететін мүмкіндікті анықтап, пайдалану керек дегіміз келеді.

3. «Мен». Сіз болашақ зәулім ғимараттың фундаментісіз. Ал сол фундаментті құю тек өзіңіздің қолыңызда. Әрине, оған сыртқы факторлар әсер етеді. Алайда, жоғарыда айтқанымыздай, барлығы сіздің қабылдауыңызға байланысты. Жаныңызға жақын дүниелерді анықтап, солармен жұмыс істеңіз.

4. Енді дамудың өзіне келсек: Шығармашылыққа жақынсыз ба? Сурет саласыз ба? Тоқуды, тігуді ұнатасыз ба? Музыкалық аспапта ойнайсыз ба? Есеп шығара аласыз ба? Спортпен шұғылданасыз ба? Немесе басқа бірдеңемен айналысқанды ұнатасыз ба, соны анықтап, сол салада дамуға тырысыңыз. Себебі, егер сіз сүйікті іспен айналыссаңыз, сол саланың білікті әрі сапалы маманына айналасыз. Жаман кәсіп жоқ – аспазшы болсын, суретші болсын, шын қаласаңыз биік белестерге шыға аласыз.

5. Өмірде өз орнын табу көбіне қиынға соғады. Дегенмен, бұған өте қатты ұмтылу керек. Аталған шарттар бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, бірін елемей кетуге болмайды. Сондықтан, бар жігеріңізді жинап, өміріңізді қолға алыңыз.

6. Бүкіл болмысымен бастан өткеру. Өмір әрқашан таңдау үрдісінен тұрады: алға жылжу немесе кейіншегіну; жеке таңдаулар: өтірік айту немесе шындықты айту, ұрлық істеу немесе ұрламау және т.б., бір сөзбен айтқанда, өсуді таңдау мүмкіндігі.

7. Адамның өзін-өзі тыңдай білу қасиеті, яғни өзгенің пікіріне емес, өз пікіріне сүйену. Адал болу қасиеті, өзіне жауапкершілік ала білу қасиеті.

8. Ерікті болу қасиеті. Өз мүмкіндіктерін өзектендіру нысаны және оның қорытындысы. Қатты күйзеліс, кездейсоқ рахат сәттеріне кепілдік беруі мүмкін емес, оны іздеп әуре болудың

да қажеті жоқ. Адамның өз психологиялық патологиясын табуы, одан қорғануы және оны жоюға күш салуы [5].

Көшбасшылар соңынан ерген топты жігерлендіріп, оларға мотиватор болады. Мәселені жақсы шешетін көшбасшылар келесі қасиеттерге ие болу керек: проблеманы көре білу, проблемадан құтыла алмайтындығын білетін жақсы көшбасшы, оны күтіп және көре біледі. Алдағы жолымыз тегіс болады деушілер, ылғи да сәтсіздікпен қауышып отырады. Егер сіздің позитивті ұстанымыңыз жақсы болып және қиын жағдайға әр кез дайын бола алсаңыз, жолыңыздағы барлық тұрған барлық мәселені толықтай шеше аласыз. Шындықты қабылдай алу.

Адамдар проблеманы әр түрлі қабылдайды:

- біреуі одан бас тартады;
- біреуі оны қабылдап, шешімін іздеуге кіріседі;
- үшіншісі оны қабылдап қана қоймай, оны жақсы жаққа өзгерте бастайды.

Тиімді көшбасшы проблеманы қарсы алуға әрқашан дайын, оның толық суретін көре алады. Эмоция оларды орап, састыра алмайды, олар оны ретімен жүзеге асырады.

Р.Слома мына кеңесті береді [6]: «Ешқашан проблемалардың барлығына кіріспеңіздер, оларды тізіп, ретімен шешіңіздер». Егер алдарыңызда проблемалар көптеп тұрса, онда алдыңғысын шешкендігіңізге куә болыңыз. Құлау шегінде тұрса да, басты мақсаттан шегінбейді. Көшбасшылар басты шешімді қиын жағдайда емес, шарықтау кезінде қабылдайды, себебі, студенттік жас адам өмірінің ерекше кезеңі. Бұл жетістіктер, білімнің қарқынды жинақталатын, адамгершіліктің қалыптасуы, жаңа әлеуметтік позицияға ие болу кезеңі. Студенттің тұлғасына аса зор қалыптастырушы ықпалды тұлғааралық, эмоционалдық және іскерлік өзара қатынастардың құрылымдалуы, қалыптасуы мен өзгеруі, топтық рөлдерді бөлу мен көшбасшының ұсынылып шығуы үдерістері жүретін студенттік орта, студенттік топ ерекшеліктері көрсетеді. Осы барлық топтық үдерістер студенттің тұлғасына, оның оқуының табысты болуы мен кәсіптік қалыптасуына қатты ықпал етеді.

Студенттердің тұлғааралық қатынастары біріншіден, аталған әлеуметтік топтың жастық ерекшеліктерімен, екіншіден, оның қызметіне тән ерекшеліктермен шартталады. Сонымен, студентті көшбасшы етіп тәрбиелеу және оның өзін-өзі тәрбиелеуі әрдайым жүретін процесс. Студент көшбасшы болу үшін, сәйкесінше мәдениет, білім, өмірлік тәжірибеге және кәсібилікке қол жеткізу қажет. Әрине, көшбасшы өз-өзін тәрбиелейді және дамытады. Бірақ кез келген компанияның персонал қызметінің және басшылығының міндеті - көшбасшылық нысандары бар қызметкерлерді анықтап, сіздің ұйымыңызда қабілеттерін дамытуға көмектесіп және күшін сынауға орын тауып беру болып табылады. Керісінше жағдайда, көшбасшылық нысандары бар қызметкерлер пісіп жетіліп, өзін көрсететін мүмкіндіктер көрмей, компаниядан кетіп қалады. Ол өзімен бірге сіздің компанияңызда алған тәжірибені, білімді, ал кейде басқа да қызметкерлерді алып кетеді. Сондықтан студенттерде көшбасшылықты тәрбиелеу, дамыту және оларға өз күштерін жұмыста, тәжірибеде байқап көруге мүмкіндік беру маңызды саналады.

Сонымен, қорыта келгенде, көшбасшылық қабілетті дамыту күрделі, жан-жақты үрдіс болып табылады. көшбасшылық қабілетті дамытудағы басты мақсат - адамның өз қарымы мен қабілетін мейлінше толыққанды жүзеге асыру арқылы өзін таныту және жеке қасиетін ашу мүмкіндігі. Алайда, бұл қасиеттерді басқа адамдардың қатысуынсыз қалыптастыру қиын. Сондықтан қазіргі кезде аталған қасиеттердің дамуына білім беру жүйесінің, әсіресе жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие үдерісінің ықпалының жоғары екені сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңы. 2011жыл.
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ

энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.

3. Беляцкий Н.Б. Основы лидерства. –Москва, 2015. –120б.

4. Маслоу А.Г. Дальние пределы человеческой психики/ Перев. с англ. А. М. Татлыбаевой. -СПб.:Евразия,-1999.-432с.

5. Кричевский, Р. Л. Если Вы - руководитель... Элементы психологии менеджмента в повседневной работе. - М.: Дело, 1993.-348 с.

6. Richard S. Sloma , «How to Measure Managerial Performance». - JL:Изд-во Ленингр. ун-та, 2018 - С. 5-12.

ӘОЖ 37.013.

БАЛАЛАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Айгубаева Гаухар

Aa2023@bk.ru

6B011 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті

Тәрбие - тұлғаны мақсатты, жүйелі әрі үздіксіз қалыптастыратын процесс. Оскелең ұрпақ ересектердің ұйымдастыруымен аға буынның тәжірибесі арқылы өз сана-сезімдерін, жағымды мінез-құлықтарын меңгеріп, дамытады. Осыдан, балаларды тәрбиелеу процесі қоғамның негізгі қызметтерінің бірі болып, мемлекеттің дамуы мен айқын болашағын анықтап отырады. Тәрбиенің негізгі міндеті - қоғамның қажетті талаптарын әрбір баланың бойында борыш, намыс, ар-ұждан, қадір-қасиет сынды биік адамгершілік қасиеттерді дамыту болып табылады.

Педагогика тарихында тәрбие мектептерінің қарыптасқан өзіндік кезеңдері бар: Еуразия даласындағы алғашқы қауымдағы тәрбие, Таяу және Қиыр Шығыс ежелгі мемлекеттеріндегі Шумер тәлім-тәрбиесі, Еуразия құрлығындағы Сақ және Ғұн дәуіріндегі жауынгерлік тәлім-тәрбие. Ұлы Түркі қағанаты және оның жазба мұралары (VI-IX ғ. ғ.), Таяу және Қиыр Шығыс ежелгі мемлекеттеріндегі (Египет, Израил-Иудей патшалығы, Иран, Сирия, Палестина, Үнді, Қытай) тәлім-тәрбие мен мектептер, Таяу және Қиыр Шығыстағы орта ғасыр мемлекеттеріндегі (Араб халифаты, Үнді және Қытай) білім беру мен педагогикалық ойлардың дамуы, Антикалық замандағы Византиядағы педагогикалық ой-пікірлер, Византиядағы ағарту ісі және педагогикалық ой-пікірлер, Ортағасырда және Қайта өрлеу дәуіріндегі Батыс Еуропа елдеріндегі тәрбие, педагогикалық ой-пікірлер, АҚШ пен Батыс Еуропа елдеріндегі тәрбие, мектеп және педагогика және т.б.[1]. Сонымен қатар, қазастандық білім мен тәрбие беру жүйесінің өзіндік даралығын ескеру керек.

Тарихи кезеңдерде объективті және субъективті себептерге байланысты тәрбиеде қарама-қайшылықтар туындайды, бұл – заңдылық. Осы қарама-қайшылықтар негізінде тәрбие мақсаттары өзгеріп, дамиды.

Бүгінгі ғылым мен технологиялардың қарқынды дамуына сәйкес құндылықтарға деген кейбір көзқарастардың өзгеру кезеңінде балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу көкейкесті мәселеге айналып отыр. Өйткені зерттеулер мен практикалық талдауларда орта мектепте бастауыш білім беру сатысынан бастап оқушылар арасында булинг сияқты құбылыстар жиі байқалатын болды. Оқушылардың арасында өзара қарым-қатынас орнату қиындық көрсетіп отыр. Бұл жағдайлар білімді ізгілендіру, тұлғаға бағдарланған білім беру, мәденитанымдық тұғыр сынды жаңа инновациялар негізінде педагогикалық үдерісті ұйымдастыру қажеттігін талап етеді. Әсіресе, балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу өте маңызды.